

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 404 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 тамыздағы N 906 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 828 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 633 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.07.26. N 633 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кіріс туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 404 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы қаулыға 2-қосымшада көрсетілген стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қызметті жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы республикалық меншіктегі акционерлік қоғам мен осы қаулыға 3-қосымшада көрсетілген мерзімді баспасөз басылымдарын шығаруды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы республикалық меншіктегі акционерлік қоғамдар таза кірістің 10 (он) пайызын дивидендтерді төлеуге жұмсайды;"

2) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім, Индустрия және сауда министрліктері осы қаулыға 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген акционерлік қоғамдардың иеленуінде қалған таза кірістің бір бөлігін олардың материалдық-техникалық базасын дамытуға және жетілдіруге жұмсауды қамтамасыз етсін.";

3) көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы" ашық акционерлік қоғамының дивидендтерін есептеу мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 тамыздағы N 906 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 19 тамыздағы
N 828 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 25 сәуірдегі
N 404 қаулысына
2-қосымша

**Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қызметті
жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы республикалық меншіктегі
акционерлік қоғам**

"Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы" ААҚ.